

**2006 жылғы 1 мамырдағы
банктік емес ұйымдардың ағымдағы жағдайы**

2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша республикада банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 19 ұйым, оның ішінде қолданыстағы лицензия негізінде 7 ипотекалық компания қызметін жүзеге асырды.

№№	Ұйымның атауы	01.01.2006	01.05.2006
1	Ипотекалық компаниялар	7	7
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар	50	12
	Жиынтығы	57	19

Активтер. 2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша ипотекалық компания активтерінің жиынтық мөлшері өткен аймен салыстырғанда 12 450 млн. теңгеге немесе 14,7%-ке өсіп, 96 932 млн. теңгені құрады. Ипотекалық компаниялардың активтері құрылымындағы үлкен үлесті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар (81,3%) және корреспонденттік шоттар (6,3%) құрады.

(млн. теңге)

№№	Атауы	01.01.2006	01.05.2006	
		Активтер	Активтер	Өсімі (%)
1	Ипотекалық компаниялар	75 346	96 932	28,6
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар *	520 178*	503 634*	-3,2*

Кредиттік портфель. 2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша ипотекалық компаниялардың жиынтық кредиттік портфелінің құрылымындағы стандартты кредиттердің үлесі 98,8%, күмәнді - 0,9% және үмітсіз - 0,3% болды.

2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі 98,7%, күмәнді -0,9%, үмітсіз – 0,4% болды.

(млн. теңге)

№№	Атауы	01.01.2006	01.05.2006	
		Заемдар	Заемдар	Өсімі (%)
1	Ипотекалық компаниялар	68 328	79 160	15,9
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар *	112 970*	84 769*	-25,0*

Ипотекалық компаниялар бойынша **міндеттемелердің** жиынтық мөлшері 2006 жылғы сәуір айында 2 943 млн. теңгеге немесе 4,2%-ке өсті және 2006 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 73 690 млн. теңге болды. Бұл жерде ипотекалық компаниялардың міндеттемелері

құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (77,4%-ке) және басқа банктерден алынған заемдардың (16,2 %-ке) басым болғандығын атап өтуге болады.

(млн. теңге)

№№	Атауы	01.01.2006			01.05.2006			
		Міндеттемелер			Міндеттемелер			
1	Ипотекалық компаниялар	62 054			73 690			18,8
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар	181 011			165 486*			-8,6*

Капитал. Ипотекалық компаниялардың меншікті капиталы өткен аймен салыстырғанда 9 507 млн. теңгеге немесе 69,2%-ке өсіп, 2006 жылғы 1 мамырда 23 242 млн. теңгені құрады.

(млн. теңге)

№	Атауы	01.01.2006			01.05.2006		
		Меншікті капитал	Оның ішінде		Меншікті капитал	Оның ішінде	
			Жарғылық капитал	Бөлінбеген таза кіріс (өтелмеген шығын)		Жарғылық капитал	Бөлінбеген таза кіріс (өтелмеген шығын)
1	Ипотекалық компаниялар	13 292	10 699	1 558	23 242	19 979	447
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар	339 168	218 359	58 687	338 148*	225 556*	3 836 *

* Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есеп беруді тоқсан сайынғы негізде ұсынады.

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі даярлады.